Келісемін:
№35 «Шұғыла» бөбекжайының
әдіскер Калдышева Н.З.

Бекітемін:
№35 «Шұғыла» бөбекжайының
меңгерушісі м.а.Жаденова Ж.Ж.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары «Балдырған» ересек топ

Тәрбиешілер: Базарбаева Г.Ө
Емзалиева Д.К

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: №35 «Шұғыла» МКҚК балабақшасы
Топ/сынып: «Балдырған» Ересек топ
Балалардың жасы: 4 жастағы
Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек айы	**Денешынықтыру**	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру, тұрған қалыпта қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі колды екі жаққа жіберу. Оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. Екі колды белге қойып, екі жаққа иілу. Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. Аяктың ұшымен көтерілу; екі аякты кезекпен алға өкшемен, содан кейін ұшымен қою, топылдату. Қатарынан (4–5 рет) жүрелеп, екі қол белде, екі қолды алдыңғы жак пен екі тұсқа көтеріп, отыру; аяктың ұшын созу, табанды бүгу. Негізгі қимылдар: жүру. Сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен, секірумен, басқа қимылдармен кезектестіру, қол мен аяк кимылын үйлестіру, бой түзулігін дұрыс сақтау; Музыкалық-ырғақтық жаттығулар. Музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қаркында таныс дене жаттығуларын орындау. Спорттық ойын элементтері: 1) кегль ойындарына үйрету. Бастапқы қалыпта дұрыс тұрып, допты лақтыру. 1,5-2 метр аракашықтықтанкегльдердіқағыптүсіру.
	Сөйлеуді дамтыу	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету.**(р, л) дыбыстары.** Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану. **Сөздік қор.** Балалардың сөздік корын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. **Келесі дағдыларды қалыптастыру:** 1) тұрмыстық заттар және коршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну дағдыларын қалыптастыру; 2) сөздік корын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; 3) заттарды және олардың тұрған орнын анықтау дағдыларын жетілдіру; **Тілдің грамматикалық құрылымы.**

	Келесі дағдыларды жетілдіру: 1) байланыстырып сөйлеу; 2) жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану; 3) әртүрлі тәсілдермен жаңа сөздер құру; **Байланыстырып сөйлеу.** Әңгімеге қатысу және тілді түсіну, тыңдау біліктерін, көлемі шағын тақпақтарды жатқа айту, сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету дағдыларын қалыптастыру. Ұсынылған мазмұн бойынша сахналауға үйрету. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.** Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту. **Шығармаларды қабылдау.** Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру. Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру, ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету.
Көркем әдебиет	**1) оқу, әңгімелеу.** Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру; **2) мәнерлеп оқу.** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету. **3) мазмұндау.** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. **4) театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту:** түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу; түрлі эмоцияларды білдіру үшін интонациямен дыбыстау;таныс сюжеттер бойынша ертегілерді сахналау; ертегі желісін ретімен орындау.
Қазақ тілі	Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және есте сақтауға үйрету; қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айту ә, ө; сөйлеу және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және айқын дикцияны дамыту. қоршаған ортада жиі қолданылатын тұрмыстық заттар, жемістер, көкөністер туралы білімдерін кеңейту; күнделікті өмірде таныс сөздерді қолдануға үйрету.

	сөйлеуде зат есімдерді жекеше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру. Сұрақтарға қарапайым сөйлемдермен жауап беруге үйрету.Қазақ тіліне тән дыбыстарды і, ң, ғ, ұ, қ, ү дұрыс айтуға жаттықтыру. Балалардың сөздік қорларын байытып, тілдерін дамыту. Өз ойын анық, нақты жеткізуге, сөйлеуде жай, жайылма сөйлемдерді қолдануға , күнделікті өзінің қатысуымен болып жатқан оқиғаларды айту дағдысын қалыптастыру.
Математика негіздері	**Жиын:** әртүрлі түстерден, өлшемдерден тұратын көптеген нысандар туралы түсінікті қалыптастыру; **Сан, санау:** 1) 5 шегінде санау дағдыларын қалыптастыру, заттарды үлгі және аталған сан бойынша санау. 2) Сандық топты көрсете отырып, 5-ке дейінгі сандармен танысу. Әр түрлі анализаторлардың (көру, есту, сезу) көмегімен санау дағдыларын дамыту. **Шама.** Заттардың мөлшері әртүрлі болуы мүмкін деген түсінік беру. Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдыларын қалыптастыру; **Геометриялық фигуралар:** 1)Балаларды геометриялық фигураларды (шеңбер, шаршы) танып, атай білуге үйрету 2) дағдыларды қалыптастыру: геометриялық фигураларды тану және атау, фигуралардың пішінін зерттеу. **Кеңістіктегі бағдарлау.** Дене мүшелерінің орналасуын бағдарлай білуге үйрету.
Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және жансыз табиғат объектілері мен құбылыстары:** 1) жансыз табиғат объектілері – су, жер, ауа, күн туралы білімдерін кеңейту 2) табиғат құбылыстары туралы түсініктерді қалыптастыру: жел, жаңбыр. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: күзгі қарапайым өзгерістерді бақылау дағдыларын дамыту;** **Өсімдіктер әлемі:** 1) көкөністер мен жемістерді ажырату және атау дағдыларын жетілдіру; 2) табиғаттағы, жыл мезгілдеріндегі маусымдық өзгерістер туралы түсінік қалыптастыру. **Бала, оның отбасы, үй:** 1) баланың өзі және оның жағдайы туралы түсінігін кеңейту. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; **Тақырып әлемі.** Балаларды пәндік әлеммен танысуға және онымен өзара әрекеттесуге ынталандыру. Жақын ортадағы заттарды ажырата және атай білуді жетілдіру. **Қоршаған заттардың мақсаты, құрылымы, материалы арасындағы байланыс туралы білімді қалыптастыру;** Әр түрлі мамандықтағы адамдар туралы түсініктер. Балабақша қызметкерлерінің жұмысы, олардың еңбек әрекеттері, балабақша туралы білімдерін жетілдіру. **Жол қозғалысы ережелері.** Жолдардың әртүрлі бөліктері (тротуар, жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі), бағдаршам сигналдары, көшедегі тәртіп ережелері туралы білімді қалыптастыру.
Құрастыру	**Құрылыс материалынан құрастыру.** Конструкторлардан ойнау үшін құрылыстар салу дағдыларын, бөлшектерді бекіту және құрылыстар жасау

	тәсілдері туралы білімді жетілдіру.
Музыка	**Музыка тыңдау.** Әр түрлі сипаттағы, қарқынды музыканы қабылдау дағдыларын қалыптастыру; иллюстрациялар мен қимылдарды көрсетумен бірге музыкалық және көрнекі бейненің, әндердің арақатынасын қалыптастыру; **Ән айту.** Әр түрлі сипаттағы әндерді қабылдау, әуенді дәл интонациялау, сөздерді анық айту; әннің сипатын түсіну, оның көңіл-күйін жеткізу дағдыларын қалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар.** Би қимылдарын, музыкалық ойын әрекеттерін орындау дағдыларын қалыптастыру; марш сипатын ырғақты жүрумен, музыканың жылжымалы сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен беру; **Би.** Әуеннің көңілді би сипатын қабылдауға, музыкалық кіріспені ажырата білуге, одан кейін қозғалысты бастауға, музыканың сипатына сәйкес қозғалысты өзгертуге үйрету. **Ойындар, дөңгеленіп билеу.** Ән мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және еркін орындай білуге, шеңбер бойымен хоровод жүргізуге, музыкалық фразаларға сәйкес қозғалысты өзгертуге үйрету. **Балалар музыкалық аспаптарында ойнау.** Фортепианоның сүйемелдеуімен балалар музыкалық аспаптарында ересектердің орындауында би әуенін тыңдау дағдыларын қалыптастыру.
Сурет салу	**Тақырып бойынша сурет салу.** **Сюжеттік сурет:** 1) қоршаған әлемнің сұлулығына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын дарыту. 2) қарапайым табиғи құбылыстарды бейнелеуге қызығушылықты тәрбиелеу. **Сәндік сурет.** Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта ою-өрнектің орналасу дағдыларын қалыптастыру; элементтердің реттілігі мен олардың арасындағы қашықтықты сақтау.

	Мүсіндеу	**Заттық модельдеу** Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды: пропорцияларды сақтай отырып, екі бөліктен тұратын заттарды, саусақтардың және қол алақандарының қимылдарын қолдана отырып мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;
	Жапсыру	**Пәндік модельдеу** Заттың өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгі және ұсыну бойынша әртүрлі пішіндегі және көлемдегі таныс заттарды: пропорцияларды сақтай отырып, қол саусақтары мен алақандардың қозғалысын пайдалана отырып, екі бөліктен тұратын заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан айы	**Дене шынықтыру**	Негізгі қимылдар: Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. Тепе-теңдікті сақтау. Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренені бойымен жүру. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік және т.б.) дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдану **Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру.** Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен, заттардың бөліктерімен, заттардың сапалары мен қасиеттерін білдіретін зат есімдермен байыту. **Сөздік қор.** Сөздік қорын жалпылаушы мағыналы сөздермен байыту; **Тілдің грамматикалық құрылымы** Жануарлар және олардың төлдерінің атауларын білдіретін сөздерді, сөздердің түрлі тәсілдермен жасалуын, зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын дамыту **Байланыстырып сөйлеу.** Сурет бойынша заттар және ойыншықтар туралы әңгіме. үлгі бойынша әңгіме құрастыру **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.** Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне, саусақ ойындарына балаларға түсінікті "қуыршақты жүргізу" техникасын қолдана отырып, қатысу ниеттерін дамыту. **Шығармаларды қабылдау.** Кейіпкерлердің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру. ұсынылған тақырып бойынша әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Балаларды түрлі тақырыптағы көркем шығармалармен таныстыру. **Мәнерлеп оқу**. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. **Мазмұндау.** Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге,

		кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету **Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту**.Түрлі мәтіндерді дыбыстағанда дұрыс тыныс алу **Адамгершілік нормалары туралы түсінік.** Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдіру.
	Қазақ тілі	Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, түстерді қайталау, бекіту. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық сөздерді, азық- түлікке қатысты сөздерді (нан, шәй, жұмыртқа, сусын, дәмді, ащы т.б), ыдыстар(кесе, қасық, тәрелке, шанышқы, шәйнек т.б) айту. Табиғат сұлулығын көре білуге, ести білуге тәрбиелеу. Күзге арналған тақпақтар жаттап айтуға үйрету.
	Математика негіздері	**Жиын:** Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **Сан, санау:** Теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Салыстырылатын топтар: бір көп, бір және екі, екі және үш және төрт, төрт және бес Тенді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға. "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету. **Шама:** Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі заттарды салыстыру. **Геометриялық пішіндер:** Балаларды геометриялық пішіндерді: шеңбер және төртбұрыш, үшбұрыш куб,шар, цилиндр сияқты геометриялық пішіндерді ажырату және дұрыс атай білуін; пішіндерді көру және сипап сезу арқылы іздену, зерттеу қызығушылығын дамыту. **Кеңістікте бағдарлау:** Өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру. **Уақытты бағдарлау:**Таңертең, күндіз, кеш, түн тәулік бөліктерін ажырату және атай білу дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Схеманы қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру; **Қағаздан құрастыру:** Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу. **Конструктор бөлшектерінен құрастыру:** Конструктордан ойынға арналған ғимарат құрастыру дағдыларын

		қалыптастыру, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Әуендерді немесе музыкалық шығармаларды орындау кезінде пьесаларды тану жәнеатау қабілеттерін қалыптастыру **Ән айту.** дауыс пен есту қабілетін дамытуға арналған жаттығуларды қыска әндер айту арқылы дағдыны жетілдіру, дауыстап және төмен дауыспен ән салу, қол қозғалысыменкөрсетуге үйрету; **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатын- жеңіл, ырғақты жүгіруменүйрету **Билер.** Музыканың көңілді би сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын, билерді, ойындарды есте сақтауға дағдыландыру. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, сылдырмақтармен ойнаукабілеттерін қалыптастыру
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары:** Табиғат құбылыстары туралы түсініктерін қалыптастыру, өлі табиғат нысандары туралы білімдерін байыту. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Күз мезгілдерінде табиғатты бақылау дағдыларын дамыту. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Көкөністер мен жемістердің 4-5 түрін, бөлме өсімдіктерін, ағаштар мен бұталарды танып, атай білу дағдыларын бекіту. Жабайы жануарлардың (түлкі, қасқыр, тиін) сыртқы белгілері мен әрекеттерін туралы білімдерін бекіту., **Бала, оның отбасы, үйі:** Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету. **Заттық әлем:** Ұлттық киімді дайындау, әшекейлер туралы; **Жолда жүру ережелері:** көлік түрлерінің қолданысы (әуе, су, жерде жүретін көліктер) Жүктің сипаты және қолданылуы машинаның құрылысына тәуелділігі туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және тағы басқа). Бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.
	Сурет салу	**Заттық сурет салу:** Дөңгелек пішінді заттарды салу. **Сюжеттік сурет салу:** Қарапайым табиғат құбылыстарын, ертегі кейіпкерлерін бейнелеуге машықтандыру. **Сәндік сурет салу:** Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, жазықтықта оюларды орналастыру.

	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу:** Түрлі тәсілдерді қолданып бейнелеу; Түрлі пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үлгісі мен елестетуі бойынша көлемін анықтау. **Сюжеттік мүсіндеу:** Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. **Сәндік мүсіндеу:** Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау.
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды киюды үйрету. **Сюжеттік жапсыру:** Заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. **Сәндік жапсыру:** Жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша айы	**Дене шынықтыру**	Негізгі қимылдар: Жүгіру. Аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, адымдап жүгіру, сапта бір-бірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен, жетекшіні ауыстырып жүгіру, 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру; орташа жылдамдықпен жүруді кезектестіре отырып, 40–50 метрге жүгіру; Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Қимылды ойындар Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен және т.б. ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті**. Ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білу. **Сөздік қор.** Заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, айтқызу. **Байланыстырып сөйлеу.** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, шағын әңгімелер мен ертегілерді айтып беруге үйрету. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Сөз және сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылығын арттыру.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін ажыратуға баулу. **Мәнерлеп оқу**. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету. Балалардын түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу
	Қазақ тілі	Қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарды бақылап әңгімелеп үйрену; табиғатқа қатысты сөздерді, ауа райы құбылыстарын(жаңбыр, қар, жел, суық, жылы, кемпірқосақ т.б), Ұжымдық әңгімеде кезекпен сөйлеу, сөйлеу барысында сыпайы сөздерді қолдану дағдысын қалыптастыру;сахналық қойылымдарды адамдар мен жануарлардың эмоциясын жеткізіп айтуға үйрену. Балаларға үстел үсті театры арқылы ертегіні баяндау, сұрақ- жауап арқылы балалардың ауызекі сөйлеуін

		дамыту. Мазмұнды суреттер арқылы ертегі мазмұндарын түсіндіру. Ынтымақтастық мерекесі туралы түсініктерін дамыту, тақпақтар жатттау.
	Математика негіздері	**Жиын:** заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **Сан, санау:** теңді кем топқа үстемелей отырып немесе артық топтан бір затты алып тастай отырып, екі тәсілмен орнатуға, "Қанша еді?", "Қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету; **Шама:** Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, жуандығы бойынша заттарды салыстыру; **Геометриялық пішіндер:** геометриялық пішіндерді: шеңбер және төртбұрыш, үшбұрыш куб,шар, цилиндр тану және атау, пішіндерді зерттеу дағдыларын қалыптастыру; **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен) **Уақытты бағдарлау:** «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** . Үлгі бойынша құрастыру; **Қағаздан құрастыру:** умаждау, жырту, шиыршықтауды қолданып, қағаз парақтарын көлемді пішіндерге айналдыру **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** пьесалардың, әндердің жекелеген эпизодтарын көргендегіжәне музыкалық бейнелерінің арақатынасын тану және атау, тыңдауды иллюстрация арқылы үйрету **Ән айту.** ән сипатын ұғыну, әннің көңіл күйін беребілу; **Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Дағдыларды қалыптастыру:** жүрелеп отыруды ырғақты орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру, музыканың екінші бөлігінде қимылдыөзгерту **Билер.** Әннің мәтініне сәйкес ойын қимылдарымен сүйемелдей отырып, әнді көңілді және емін-еркін әндету, хор айтуды шеңбер бойымен жүргізуге үйрету.Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап музыканың тактісімен алакандарды соғу қабілеттерін қадыптастыру.
	Қоршаған ортамен	**Бала, оның отбасы, үйі:** Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық

	таныстыру	білдіруге мүмкіндік беру. **Байланыс және қозғалыс құралдары:** Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.. **Еңбекке баулу:** Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға үйрету. **Менің Отаным – Қазақстан:** Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. **Жолда жүру ережелері:** Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман, кемпірқосақ,) кеңейту. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** бөлме өсімдіктерін, танып, атай білу дағдыларын бекіту. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы)
	Сурет салу	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бірбіріне арақатынасын беру.
	Мүсіндеу	Ермексаздың, сазбалшықтың, қамырдың кесектерінен мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру: пропорцияларды сақтап, саусақ пен алақан қозғалыстарын пайдалана отырып екі бөліктен тұратын заттарды :
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **Сюжеттік жапсыру:** Дөңгелектерді және сопақша пішіндерді қию дағдыларын жетілдіру. **Сәндік жапсыру:** Жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан айы	**Дене шынықтыру**	Негізгі қимылдар: Еңбектеу, өрмелеу. 10 м-ге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу. Табан мен алақанға сүйеніп, төрт тағандап еңбектеу, 50 сантиметр биіктікте ілінген арканның астынан еңбектеу. Құрсаудан еңбектеп өту. Гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, бөрене және гимнастикалық скамейкадан аттап өту; Мәдени-гигеналық дағдыларды жетілдіру Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балаларға адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру. Тамақтану тәртібін сақтаудың және көгөністер мен жемістердің, дәрумендердің адам ағзасына пайдасы туралы түсінік беру.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.: Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар айтқызу. **Сөздік қор.** Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір) **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету; **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Театрландырылған әрекетке, драматизация ойындарына және қуыршақ спектакльдеріне,қатысу ниеттерін дамыту. **Шығарманы қабылдау:** Әңгіменің басы мен соңын құрастыруға үйрету
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, жатқа айтуға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету. **Мәнерлеп оқу**. Тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға үйрету. Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға үйрету. Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту.

	Қазақ тілі	Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде айтуға, өз отбасы туралы, отбасындағы қызықты оқиғалар мен мерекелер туралы әңгімелеуге үйрену. Өз Отанын сыйлауға, елін қастерлеуге тәрбиелеу. Отанына деген патриоттық сезімдерін ояту. Есте сақтау, ойлау қабілеттерін қысқа тақпақтар, жаңылтпаштар жаттау арқылы дамыту. Өз Отанын, қаласын, астанасын дұрыс айтуға үйрету. «Жаңа жылға» байланысты тақпақ үйрету. «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісінің мазмұнымен танысу.
	Математика негіздері	**Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы білімдерін оданәрі дамыту. **Сан, санау:** 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, "Нешінші?", "Саны бойынша қайсысы?" сұрақтарына жауап беру дағдыларын дамыту. **Шама:** Шаманы салыстыруда беттестіру және тұстастыру тәсілдерін қолдану. **Геометриялық пішіндер:** сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең) **Кеңістікте бағдарлау:** өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтай білу, заттарды оң қолымен солдан оңға қарай орналастыру, өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атау (бас, аяқтар, қолдар). **Уақытты бағдарлау:** «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын одан әрі кеңейту.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Құрылыс материалдарынан «лего» конструкторлардан құрастыру . **Қағаздан құрастыру:** Қағаздан орамдар, жиектер, кесектер жасау **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары),
	Музыка	**Музыка тыңдау.** халықтық домбыра аспабының дауысынқабылдауға дағдыландыру **Ән айту.** хормен, күш түсірмей, сөздер мен дыбыстарды таза және анық, музыкалық сүйемелдеуден кейін ән айту дағдыларынқалыптастыру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.** музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екіаяқпен еркін және жеңілсекіру. **Билер.**

		музыкалық фразаларға сәйкес қимылдарды өзгерту; шапшаңдық пен икемділік таныту, пьесаның соңын белгілеу, халық ойындарының көңілді сипатын беру, дыбыстарды жоғарылығы бойынша ажырату, үлкен шеңберге және шашырап тұруға үйрету. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** әуеннің сипатын тану: әннің қайырмасын орындау кезінде күрделі емес ырғақтық бейнені орындап, түрлі жанрдағы музыканы қабылдау жәнеанықтау қабілеттерін қалыптастыру.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын) **Заттық әлем:** Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. **Байланыс және көзғалыс құралдары**: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. **Еңбекке баулу**: Балаларға берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Балаларды бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. **Менің Отаным – Қазақстан**: Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. **Жолда жүру ережелері**: Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, , қар жауды, жел соқты, тұман), соған сәйкес киіну. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Төрт түлік және оның төлдері (қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.
	Сурет салу	Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.
	Мүсіндеу	Заттарды толық пішіні алынғанға дейін немесе жайылған пішінінің жиектері иілгенге дейін сығымдау. Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығының желісі бойынша бейнелер жасау.
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақ пішін киюға үйрету **Сюжеттік жапсыру:** Тар жолақтарды көлденеңінен қию, шаршыдағы бұрыштарды киюды бекіту.

		Сәндік жапсыру:Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру.

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар айы	**Дене шынықтыру**	Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру. Аяқты бірге, алшақ қойып, бір аякпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру, 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 см) секіру, 20–25 см биіктіктен секіру, орнынан ұзындыққа (шамамен 70 см), қыска секіргішпен секіру; Спорттық жаттығулар Шанамен сырғанау. Төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырганату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу, мұзды жолдармен өзбетінше сырғанау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру «Денсаулық-зор байлық» сөзінің мәнін түсіну, өзінің жасаған іс-әрекетінің ағзаға әсерін, тістерді тазалаудың пайдасын, суық тимеудің алдын-алуға болатынын түсіну. Салауатты өмір салты туралы ұғымдарды кеңейту.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор.** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз), заттардың орналасқан жерін (сол, оң, қатар, жанында, арасында) атауларын айтуға дағдыландыру **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыру. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға үйрету. **Мәнерлеп оқу.** Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру.

	Қазақ тілі	Салт-дәстүр туралы түсінік қалыптастыру, төрт түлік малды бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын, көліктер түрлерін(ұшақ, пойыз, велосипед, жүргіншілер жолы, бағдаршам), мамандықтар иелерін (дәрігер, тәрбиеші, аспазшы, ұшқыш, өрт сөндіруші т.б) білу, төрт түлік туралы өлеңдер, мақалдар, жаңылтпаштар жаттау, жұмбақтардың шешуін табу. Есте сақтау қабілеттерін жетілдіру; ойлау, сөйлеу шапшаңдығын дамыту.
	Математика негіздері	**Жиын:** заттарды жүппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу **Сан, санау:** Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету. **Шама:** Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру дағдысын бекіту. **Геометриялық пішіндер :** Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету, Пішіндердің пішінін сипап-сезу және көру тәсілдерімен зерттеу. **Кеңістікте бағдарлау:** . Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, **Уақытты бағдарлау:** Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** құрылыс материалдарының негізгі Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және 62 кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау. **Қағаздан құрастыру:** бөлшектерді өзара желімдеу, композиция құрастыру; **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету. **Заттық әлем:** Қазақ халқының ұлттық киімдерімен таныстыру. **Байланыс және қозғалыс құралдары**: Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық таныту тәрбиелеу. **Еңбекке баулу**: Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. **Менің Отаным – Қазақстан**: Қазақстан Республикасының бас қаласы – Астана қаласы туралы түсінік беру. **Жолда жүру ережелері**: Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», туралы түсініктерін жетілдіру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, тұман, қар, бұршақ, кемпіркосақ, боран) кеңейту, соған сәйкес киіну. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Ағаштың және гүлдің бөліктерін атай білуге үйрету.

		Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Музыкалық мәнерлеу құралдарын ажырату, музыкалық шығармаларды соңына дейін тыңдау, оларды тану, шығарманың бөлімдерін ажыратабілу,музыканың сипатын анықтау, өз әсері туралы әңгімелеу; **Ән айту.** Жеке және хормен ән айту дағдыларын, соза дыбыстауды, таза интонациялауды, бір қаркында ән айтуды дыбыстаудың бірдей күшіменән айтуды жетілдіру. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Би қозғалыстарын, ойындық музыкалық әрекеттерді орындауға тәрбиелеу. **Билер.** Музыканың биге тән сипатын қабылдау; жеңіл қозғалу, ырғақты, қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; биде ойындық музыкалық қимылдардықолдану; Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы. Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра,сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау
	Сурет салу	**Заттық сурет салу** заттардың үлгі бойынша олардың өзіне тән ерекшеліктерін: пішінін, пропорциясын және заттар мен олардың бөліктерінің орналасуын ескере отырып сурет салуға үйрету. **Сюжеттік сурет салу** Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу, дағдыларын дамыту. **Сәндік сурет салу** Дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру,
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Жнуарлардың мүсінін жасаудың әртүрлі **Сюжеттік мүсіндеу** Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына мазмұндық композициялар құру; **Сәндік мүсіндеу** Тұрмыстық заттарды мүсіндеуге қызығушылықты тәрбиелеу.
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Күрделі заттар мен жануарлардың пішіндерін жапсыру. **Сюжеттік жапсыру:** Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру. **Сәндік жапсыру:** Ересектердің көмегімен қағаз бетінде дөңгелек және сопақша пішіндегі ою-өрнекті құрастыру.

Айы		Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан айы	**Дене шынықтыру**	Лақтыру, домалату, қағып алу. Заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату. Заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 м кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан), 1,5 м қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 м) нысанаға лақтыру; допты бір-біріне төменнен және бастан асыра лақтыру (1,5 м қашықтықта), қағып алу; допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 м қашықтықтан); допты жоғары лақтыру және екі қолымен қағып алу (қатарынан 3–4 рет); Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Спорттық жаттығулар Шаңғымен жүру. Шаңғымен бірінің артынан бірі жүру. Ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** есту зейінін және тілдегі дыбыстарды дұрыс айту біліктерін жетілдіру, дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. **Сөздік қор.** Сөздік қорды заттар тобын білдіретін тұрмыстық электротехника заттарының және ұлттық тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін және мағынасы қарамақарсы антоним сөздермен байыту, олардың атауларын, заттардың қолданысын түсіндіру; **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Мазмұнды эмоционалды қабылдай білу, кейіпкерлерге жанашырлық таныта білу біліктерін, ертегіні баяндау ерекшелігін байқауды жетілдіру.

		Мәнерлеп оқу. Балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға, логикалық екпіндерді сақтауға, өлеңнің ұйқасын, халықтық тақпақтардың ырғағын, қуанышты, сүйсінуді бере білуге үйрету.
	Қазақ тілі	Сөздерді жіктеп, сөптеп, тәуелдеп қолдану, өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізу, өзі мен құрдастарының жауабындағы кателіктерді және жауаптың дұрыстығын ажырату, бір-бірімен еркін диалог құру. «Кандай?» сұрағына жауап беру дағдысын , түстер атауын (ақ, көк, кара, жасыл, сары), дене мүшелерін (дене, бет, маңдай, көз, мұрын, құлак т.б) атай алу дагдысын жетілдіру, Сөздерді байланыстырып сөйлеу, зейін қойып тыңдау дағдыларын қалыптастыру.
	Математика негіздері	**Жиын:** Осы заттардың сынарларын қою негізінде салыстырып, теңдігін немесе теңсіздігін анықтау іскерліне жаттықтыруды жалғастыру. **Сан, санау:** Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту. әртүрлі сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамытуды жалғастыру(көру, есту, иіс сезу). 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. **Шама:** салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуанжіңішке сын есімдермен белгілеу. **Геометриялық пішіндер :** Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалын-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалыңдығы бойынша тең). **Кеңістікте бағдарлау:** Өзінің дене бөліктерінің орналасуын бағдарлау дағдыларын бекіту, өзіне тікелей жакын кеңістік бағыттарын анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға карай орналастыру, **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарынодан әрі кеңейту.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, **Қағаздан құрастыру:** Қағаздан "оригами" типі бойынша карапайым пішіндер құрастыру. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі, тостаған, ожау, астау, диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Сипаты мен мазмұны жағынан алуан түрлі екі шығарманы эмоциялық тұрғыдан қабылдай және салыстырабілу; **Ән айту.** Әртүрлі сипаттағы әндерді орындау, дауыспен секіріс үлгісіндегі және төмендеуші әуен қарқынын беребілу

		Музыкалық-ырғақтық қимылдар Музыкалық бейне мен қозғалыс тәжірибесінсәйкестендіружаттығулары; қозғалыс бағытын өзгертіп адымдау, аяқты жоғары көтеріп жүгіру; **Билер.** Би қозғалыстарының, ойындар мен хор атауларын білу.Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен хор айтып жүру, қозғалысты өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен, асатаяқ, домбыра,сазсырнайда, барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. **Заттық әлем:** Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білу, **Байланыс және қозғалыс құралдары:** Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **Еңбекке баулу:** Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге тәрбиелеу. **Менің Отаным – Қазақстан:** Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлерін айту. **Жолда жүру ережелері:** «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күн боран, күн салқын, аяз болды, күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), ойын, еңбек, эксперимент жүргізу. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді ,жануардың қысқы азығы,қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін үйрету.
	Сурет салу	**Заттық сурет салу** Көлемі бойынша олардың арақатынасын ескеріп, заттар мен жануарлардың пішінін бейнелей білуге баулу; **Сюжеттік сурет салу** Ағаштар мен жануарларды олардың ерекшеліктерін ескере отырып, салуға үйрету. **Сәндік сурет салу** Қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану дағдыларын жетілдіру.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу**

		Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар жасау. **Сюжеттік мүсіндеу:** Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан мусіндеу. **Сәндік мүсіндеу** Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту.
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Күрделі заттар мен жануарлардың пішіндерін жапсыру. **Сюжеттік жапсыру:** Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру. **Сәндік жапсыру:** Элементтер реттілігін, олардың арасындағы арақашықтықты сақтауды, пішінін ескере отырып ұлттық ою-өрнекті пайдаланып, ұлттық ыдыстарды безендіру.

Айы		Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз айы	Дене шынықтыру	Кеудеге арналған жаттығулар Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты). Оңға, солға еңкею, шалқаю. Түрған қалыпта екі аяқ бірге (алшақ), алға еңкейіп, қолдың саусақтарын аяқтың ұшына жеткізіп, заттарды қою және жоғары көтеру. Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшені, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылдату. Қатарынан 4-5 рет жартылай отыру. Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып, отыру. Тізені бүгу, алға созу, қайтадан бүгу және түсіру. Аяқтың ұшын созу, өкшені айналдыру. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту.
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.** Сөздердегі дауысты және кейбір дауыссыз дыбыстарды (п-б, т-д, к-г,ф-в,с-з-ц), анық айтуларын қалыптастыру. **Сөздік қор.** Балаларды қазақ халқының конақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, қолдану. **Байланыстырып сөйлеу:** Шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу **Мәнерлеп оқу.** Тақпақтарды, өлендерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, балаларды жатқа эмоционалды, мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға үйрету.

	Қазақ тілі	Жылдың төрт мезгілін білу. Шешендік өнерге қызығушылығын арттыру, айтыс өнері туралы мәлімет алу, қазақ халқының салт- дәстүрлері , ұлттық тағамдар бауырсақ, құрт, қазы, т.б) туралы білімдерін жетілдіру. Шығармалардағы кейіпкерлердің іс- ірекетіне сипаттама беріп үйрену, бейнесін сахналық қойылымдарда көрсету; ойындарда кейіпкер бейнесін басқа қырынан көрсету.
	Математика негіздері	**Жиын:** Заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. **Сан, санау:** Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, **Шама:** Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.. **Геометриялық пішіндер :** Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, **Кеңістікте бағдарлау:** Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеу (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) **Уақытты бағдарлау:** Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтау және тану дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. **Қағаздан құрастыру:** Қағаздан орамдар, жиектер, кесектер жасау; **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыру.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасынанықтау **Ән айту.** Күш салмай ән айту, сөздер мен дыбыстарды таза және анықайту, музыкалық шығармадан кейін ән айту фразалар арасындағы тыныс алу. **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Музыкалық аспаптарда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау; шулы оркестрге қатысу; балалар музыкалық аспаптарын тану жәнеатау. **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру. **Заттық әлем:** Көлік түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білу.

		Байланыс және қозғалыс құралдары: Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **Еңбекке баулу**: Топта кезекшілердің міндеттерін өз бетінше орындауға үйрету: нан салғыштарды, кружкаларды, тәрелкелер мен майлықтарды, ас құралдарын (қасықтар, шанышқылар) ретімен қою. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. **Менің Отаным – Қазақстан**: Республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. **Жолда жүру ережелері**: Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерін анықтау. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Өсімдіктердің даму кезеңдері (тұқым, көшет, сабақ, жапырақ, гүл, тұқым) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылықтауы, шиқылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы, жазда көбелектер, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды: азық, , су, жылу, жарық, мекендейтін орнын анықтау..
	Сурет салу	**Заттық сурет салу** Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «бүршік», «қызғалдақ», «қошқар мүйіз», «қой ізі», «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз», «ирек», «су» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. **Сюжеттік сурет салу** Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, ою-өрнек түрлерімен композиция салу дағдыларын дамыту **Сәндік сурет салу** Қазақы ою-өрнектердің элементтерін пайдалану дағдыларын жетілдіру.
	Мүсіндеу	**Заттық мүсіндеу** Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. **Сюжеттік мүсіндеу:** Мүсіндеудің таныс тәсілдерін пайдалана отырып, сазбалшықтан, қамырдан, ермексаздан мусіндеу. **Сәндік мүсіндеу** Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша ыдыстарды мүсіндеу дағдыларын бекіту.
	Жапсыру	**Заттық жапсыру:** Қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу; **Сюжеттік жапсыру:** Ұжымдық мазмұнды композицияны құрастыру. **Сәндік жапсыру:** Қазақ халқының сәндік колданбалы өнерімен таныстыру. Панно даярлау, сәндік композицияларды өз ойынша орындау дағдыларын калыптастыру.

Айы		Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір айы	**Дене шынықтыру**	Кеудеге арналған жаттығулар Бір аяқты жоғары көтеріп, жоғары көтерілген аяқтың астынан затты бір қолдан екінші қолға беру. Отырған қалыпта екі аяқты жоғары көтеру, бүгу және жазу, төмен түсіру. Екі аяқты айқастырып, отыру және тұру. Тізерлеп тұрып, алға еңкею және артқа шалқаю, екі аяқты кезек бүгу және жазу, көтеру және түсіру. Қолына зат ұстап, шалқасынан жатып, қолды созу және осы қалыпта етпетінен бұрылып жату. Етпетінен жатқан қалыпта иықтарын, басын, қолдарын алға созып көтеру. Аяққа арналған жаттығулар Аяқтың бақайларымен жіпті жинау, құм салынған қапшықтарды өкшелермен қысып алып, бір орыннан екінші орынға қою. Өкшемен таяқтың, арқанның үстінен бір қырымен жүру. Түрегеліп тұрып, аяқтың бақайларымен орамалдарды, тағы басқа ұсақ заттарды іліп алып, басқа орынға ауыстыру. Тізені бүгіп, екі аяқты кезек көтеру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өзбетінше киіну мен шешінуді жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Екі, үш дөңгелекті велосипед тебеді, оңға, солға бұрылады; таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытады;
	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Тілдің қарқынын өзгерту біліктерін бекіту, баяу сөйлеу,жаңылтпаштар айтуға үйрету. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор.** Балалардың сөздік қорын ұлттық заттардың атауларымен байыту, олардың атауларын, заттардың қолданысын түсіндіру; мағынасы қарама-қарсы антоним сөздерді балалардың сөздік қорына ендіру, сөзге қызығушылықтарын дамыту. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету. **Байланыстырып сөйлеу:** Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға, **Мәнерлеп оқу.** Тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, балаларды жатқа эмоционалды.

		мәнерлі айта білуге, сөздерді анық айтуға үйрету.
	Қазақ тілі	Өздеріне таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша немесе өз бетімен қайталап айтып үйрену, кеңістікті бағдарлау сөзерін (оң, сол, жоғары, төмен, астында, үстінде, қасында, жанында т.б), заттардың санын білдіретін сөздерді (бір, екі, үш, төрт, бес, бірінші, екінші, үшінші т.б), ойыншық аттарын (доп, текше, қонжық, қуыршақ, асық, шелек т.б)дұрыс айту дағдысын жетілдіру, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттап айту.
	Математика негіздері	**Жиын:** Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінігін оданиәрі дамыту. **Сан, санау:** Топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс талдап қорыта білуді дамыту. **Шама:** Салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз, биік-аласа, жуан-жіңішке сын есімдермен белгілеу. **Геометриялық пішіндер :** Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атау (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау, жоғары-төмен, қалың-жұқа немесе ұзындығы, ені, биіктігі, қалындығы бойынша тең ұғымдарын үйрету. **Кеңістікте бағдарлау:** Өзіне тікелей жақын кеңістік бағыттарын анықтау. **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері , олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін білу дағдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Үжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, **Қағаздан құрастыру:** Бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру, «оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер жасау **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату. **Ән айту.** Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу, соңын мұқият әндетіп айту **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Таныс әндерді сахналауға баулу, музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру **Билер.** Музыканынкөңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, қол орамалды баяу бұлғау, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүру, көңілді билеу; **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.

	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу. **Заттық әлем:** Телефон, компьютер, теледидардың қолданылуы және оларды пайдаланудың кейбір қарапайым ережелері туралы білу. **Байланыс және қозғалыс құралдары**: Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. **Еңбекке баулу**: Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гүлдерді суару. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді одан әрі жалғастыру. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу. **Менің Отаным – Қазақстан**: Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын одан әрі жалғастыру. **Жолда жүру ережелері**: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: жемістер, көгөністер, жидектер (орман, бақша), гүлдер (бөлме, бақша, шабындық), бұталар және ағаштар (бақша, орманкөктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, жыл құстардың көбеюі, олардың сайрауы, қоңыздар, инеліктер, құстардың көбеюін салыстыру, олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар болу керектігін түсіндіруді жалғастыру.
	Сурет салу	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша ұлттық оюларды ашық түстермен кезектестіру дағдыларын қалыптастыру.
	Мүсіндеу	Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.
	Жапсыру	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстырып, геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру.

Айы		Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр айы	**Дене шынықтыру**	Спорттық жаттығулар Велосипед тебу. Екі және үш дөңгелекті велосипед тебу. Оңға, солға бұрылу. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту. Дербес қимыл белсенділігі. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру. Балаларды педагогпен бірге жаттығуларды орындауға, қимылды ойындарға қатысуға тарту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Шынықтырудың барлық түрлерін, жалпы және жергілікті су шараларын жүргізу: дымқыл шүберекпен сүртіну, аяқтарды, денені шаю, әрбір тамақтанғаннан кейін ауызды шаю. Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен, жылы күндері шөптің, құмның үстімен жалаң аяқ жүру. Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.

	Сөйлеуді дамыту	**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. **Сөздік қор.** Бөліктерін атауға үйрету (таңертең, күндіз, кеш, түн). Қазақтың салт-дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. **Тілдің грамматикалық құрылымы** Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде айту. **Байланыстырып сөйлеу:** Түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін айтуын жалғастыру., **Шығармашылықпен сөйлеу қызметі** Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету.
	Көркем әдебиет	**Оқу, әңгімелеу.** Кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу. , еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, аққөңіл-салмақты) ынталандыру. **Мәнерлеп оқу**. Тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.
	Қазақ тілі	Өсімдіктер әлемі:шөп, ағаш,шырша,гүл,жапырақ,бөлме гүлдерімен таныстыру. Жанурлар әлемі:үйжануарлары: қозы,қой, лақ,ешкі,сиыр,бұзаужылқы,құлын,мысық,пен таныстыру.маргау, ит,құшікпен таныстыру. Жабайы аңдар:аю,түлкі,қасқыр,арыстан,піл,қоян,кірпі.Үй құстары:тауық,әтеш,балапан,қаз,үйрек. Дала құстары:аққу, қарлығаш,торғай, қарға, көгершінмен таныстыру.
	Математика негіздері	**Жиын:** Заттарды жұппен,топтап қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін білуін қалыптастыру. **Сан, санау:** Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау, сезім мүшелерінің көмегімен санау дағдысын дамытуды жалғастыру(көру, есту, иіс сезу). **Шама:** Ұзындығы, ені, биіктігі, жуандығы бойынша беттестіру және тұстастыру арқылы екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру,заттарды үстіне, қасына қою дағдысын жалғастыру. **Геометриялық пішіндер :** Геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу, салыстыру. **Кеңістікте бағдарлау:** Кеңістіктегі заттардың өзіне қатысты орнын анықтайды. **Уақытты бағдарлау:** Тәулік бөліктері , олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктерін білу

		дагдыларын қалыптастыру.
	Құрастыру	**Құрылыс материалдарынан құрастыру:** Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты **Қағаздан құрастыру:** Бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру. **Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:** Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.
	Музыка	**Музыка тыңдау.** Музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды аландамай соңына дейін тыңдайды),таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады,тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі; қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды; **Ән айту.** Әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады, қыска музыкалық фразалар арасында тыныс алуды біледі,әнді созып, сөздерін анық айтады, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды,әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтайды; **Музыкалық-ырғақтық қимылдар** Әндердің көңілдісипатын қабылдау; мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу. **Билер.** Балалар музыкалық аспаптарында ойнай білу, әртүрлі музыкалық және шулы аспаптарда ересектің ойнағанынтыңдау; **Балалардың музыкалық аспаптарында ойнауы.** Музыка жанрларын анықтайды,ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуендерді ойнайды.
	Қоршаған ортамен таныстыру	**Бала, оның отбасы, үйі:** Мектеп туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (мектепке баруға ынтасын, қызығушылығын арттыру). **Заттық әлем:** Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу. **Байланыс және көзғалыс құралдары:** Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу. **Еңбекке баулу:** Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің

		нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау. **Адамгершілік және патриоттық тәрбие:** Қарапайымдылыққа, мейірімділікке және әділдікке, ересектерге құрмет көрсетуге, кішілерге көмектесуге баулу. **Менің Отаным – Қазақстан**: Отан қорғаушылар, Қазақстан Республикасының әскері туралы ұғымдарын кеңейту. Отанды сүюге, патриотизмге тәрбиелеу. **Жолда жүру ережелері**: Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету. **Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:** Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. **Өсімдіктер мен жануарлар әлемі:** Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Жәндіктер туралы (коныз, көбелек, шыбын, құмырсқа), туралы ұғымдарын кеңейту.
	Сурет салу	Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері туралы білімдерін кеңейту. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жінішке сызықтарды жүргізу. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.
	Мүсіндеу	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру
	Жапсыру	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен қарауға баулу.